

Директор
«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК
Ж.Жунусова
2026 ж.



**Абай облысының білім басқармасы КМҚК «Бизнес және сервис жоғары колледжі» сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Абай облысының білім басқармасы» КМҚК «Бизнес және сервис жоғары колледжі» сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оның жұмысын ұйымдастыруды және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.
2. Осы Ереже сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымдық бөлімшесіне, басшысына және қызметкерлеріне қолданылады.
3. «Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК колледждің ұйымдық-құқықтық нысанын, штат санын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып, осы Ережені бекітеді.
4. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленсе, мұндай талаптар мен тәсілдерді колледж басшысы бекітеді және олар Үлгілік ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысын ұйымдастыру

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) – колледждің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын «Жоғары бизнес және сервис колледжі» КМҚК-нің құрылымдық бөлімшесі.
6. Қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Үлгілік ережені, осы Ережені және колледждің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

7. Қызмет Үлгілік ереженің 7 және 8-тармақтарында белгіленген жағдайларда дербес құрылымдық бөлімше нысанында құрылады.

8. Қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алуға, қаржыландыруға, бухгалтерлік есепке, кадрлық және шарттық жұмысқа, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызмет тарапынан мониторинг жүргізілуге тиіс процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.

9. Қызмет өз функцияларын колледждің атқарушы органынан, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы ретінде колледж директорына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

10. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері колледждің атқарушы органының, директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған жағдайда) немесе колледждің өзге де тәуелсіз басқару органының құрамына кіре алмайды. Қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді қарау кезінде Қызметтің басшысы мен қызметкерлері аталған органдардың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

11. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласында уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы өздерінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттыруға тиіс.

3-тарау. Қызметтің негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Қызметтің негізгі міндеттері:

колледжде және оның қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу құралдарының енгізілуін қамтамасыз ету;
колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

колледжде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптардың және халықаралық озық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

13. Қызмет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, жинақтауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның және колледждің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;
- 4) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету мен жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жүргізеді;
- 5) колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

колледж қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

7) колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауына бақылауды қамтамасыз етеді.

8) колледж ұжымында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

9) колледждің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз құзыреті шегінде мүдделер қақтығысын анықтау, оның алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

11) әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы туралы жазбаша сұрау салуларды, хабарламаларды және келіп түскен өзге де ақпаратты қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екендігі туралы қорытынды шығарады;

12) әлеуетті немесе нақты мүдделер қақтығысы болған жағдайда, оны реттеу жөніндегі ұсынымдары бар қорытындыны тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға ұсынады, сонымен бір мезгілде мүдделер қақтығысы туындаған тұлғаға, оның тікелей басшысына және (немесе) өзге де мүдделі тұлғаларға хабарлайды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі шаралардың орындалуына мониторинг жүргізеді;

14) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу мәселелерін регламенттейтін құқықтық актілердің ережелерін түсіндіреді;

15) контрагенттердің сенімділігіне кешенді тексеру жүргізеді;

16) колледждегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;

17) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ колледждегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;

18) колледждің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалайды;

19) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөнінде колледж басшысына және тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге қаралуы міндетті ұсынымдар енгізеді.

20) колледж қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар Қызметтің тәуелсіздігіне әсер етпесе және мүдделер қақтығысын туындатпаса, комплаенс, іскерлік әдеп, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

14. Қызмет мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауына;

- 2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтауына;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі талаптардың сақталуына.
- 4) Заңның 14-бабында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен және (немесе) олармен байланысты өзге де адамдармен бірге жұмыс істеуге тыйым салуды сақтауына;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуға не өзге де жолмен шешімдерге ықпал етуге, сондай-ақ Заңның 15-3-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруға тыйым салуды сақтауына;
- 6) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың өзі лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйымда немесе оған бағынысты ұйымдарда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуге тыйым салуды сақтауына.
- 7) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүддесі үшін пайдалануға тыйым салуды сақтауына;
- 8) қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттері үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар алуға және (немесе) беруге, қызметтер көрсетуге және (немесе) алуға тыйым салуды сақтауына;
- 9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе иелену мақсатында қызметтік және ресми таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салуды сақтауына;
- 10) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, оның ішінде интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәстерге қатысуға тыйым салуды сақтауына;
- 11) бұрын мемлекеттік қызметте лауазым атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдардың сақталуына мониторинг жүргізеді.

15. Қызмет өз құзыреті шегінде:

1. өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтер мен материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;
2. колледждің цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізеді;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларын, қызметтік тексерулер мен қызметтік тергеп-тексерулер жүргізуге қатысады;

23. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді және бағынысты тұлғалар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауын болдырмау жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.

24. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

25. Қызмет туралы ереже колледждің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

26. Қызмет басшысы немесе Жауапты тұлға туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), фотосуреті және байланыс деректері колледж ғимаратында көпшілікке қолжетімді орындарда және колледждің интернет-ресурсында орналастырылады.

27. Колледж Қызметтің өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қызметтің өз өкілеттіктерін тиісінше орындауы үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстармен қамтамасыз етеді.

28. Қызметтің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қолжетімділікті негізсіз шектеуге, сондай-ақ Қызмет басшысына, қызметкерлеріне және Жауапты тұлғаға олардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде қандай да бір ықпал етуге жол берілмейді.

29. Қызметтің қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қолжетімділік негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған немесе мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

30. Қызмет пен Жауапты тұлғаға әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

31. Қызмет тоқсан сайын колледжде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

5-тарау. Қорытынды ережелер

32. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Үлгілік ережемен және колледждің өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

33. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар оны бекіту үшін белгіленген тәртіппен енгізіледі.

34. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, осы Ереже енгізілген өзгерістерге сәйкес келтірілуге тиіс.